

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы N 1242 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 наурыз N 443

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы N 1242 Р981242\_ қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 45, 409-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы ережеде:

кіріспедегі "азаматтар," деген сөздің алдынан "жұмыссыз" деген сөзben толықтырылсын;

2-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

3-тармақтағы "Қоғамдық" деген сөздің алдынан "Коммуналдық меншіктегі ұйымдардағы" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "қолы бос халықты және белгіленген тәртіппен жұмыссыздық

мәртебесін алған азаматтарды" деген сөздер "жұмыссыз азаматтарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

1), 2), 8), 9), 11), 14), 15), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24),  
25), 26), 27), 28) тармақшалар алынып тасталсын;

4) тармақша "сондай-ақ осы жұмыстар үшін қажетті құрылыш тастарын, қиыршиқ тастарды, құм, қамыс тақталарын дайындау" деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) қосалқы шаруашылықтары бар коммуналдық меншіктегі ұйымдарда мал семірту, мал төлін жетілдіру, мал бағу және күзету, мал азығын дайындау және онымен мал шаруашылығын қамтамасыз ету жөніндегі маусымдық қысқа мерзімді аландар мен жазғы лагерьлер, суда жүзетін құстарды өсіру жөніндегі пункттер;";

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) жұмыстың басқа да түрлері;";

10-тармақ алынып тасталсын;

11-тармақтағы "Азаматтар" деген сөздің алдынан "Жұмыссыз" деген

сөзбен толықтырылсын;

12,13-тармақтар алынып тасталсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

14."Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүргізіледі.";

15-тармақтағы "сондай-ақ меншік нысанына қарамастан, басқа да ұйымдарда" деген сөздер алынып тасталсын:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеу заң актілерінде белгіленген ең төмен айлық жалақыдан кем емес мөлшерде белгіленеді";

17-тармақ алынып тасталсын;

мына мазмұндағы 17-1 тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Қоғамдық жұмыстармен айналысатын жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеудің тәртібін жергілікті атқарушы органдар белгілейді";

19,20-тармақтар алынып тасталсын;

21-тармақта:

1) тармақшадағы "азаматтардың" деген сөздің алдынан "жұмыссыз" деген сөзбен толықтырылсын;

2), 2-1), 4) тармақшалар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.